

Егіндікөл ауданы бойынша 2018 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы

Ақмола облысы Егіндікөл ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 1 ақпандағы № а-2/14 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 12 ақпанда № 6396 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6 бабының 4 тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, Егіндікөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Егіндікөл ауданы бойынша 2018 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Қ.Қ. Қасеновқа жүктелсін.

3. Осы қаулының әрекеті 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындаған құқықтық қатынастарға таратылады.

4. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Егіндікөл ауданының әкімі

Н.Төлепов

Егіндікөл ауданы әкімдігінің
2018 жылғы "01" ақпандағы
№ а-2/14 қаулысымен бекітілген

Егіндікөл ауданы бойынша 2018 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарындағы тәрбиеленушілердің саны				Бір тәрбиеленушіге айына жұмсалатын шығындарының орташа құны (теңге)				Мектепке дейінгі білім ұйымдарындағы айына төлемақысының мөлшері (теңге)		
Мектеп-бақша		Толық күн болатын мектеп жанындағы шағын орталық	Жарты күн болатын мектеп жанындағы шағын орталық	Мектеп-бақша		Толық күн болатын мектеп жанындағы шағын орталық	Жарты күн болатын мектеп жанындағы шағын орталық	Мектеп-бақша		Толық күн болатын мектеп жанындағы шағын орталық
Мемлекеттік	Жеке меншік			Мемлекеттік	Жеке меншік			Мемлекеттік	Жеке меншік	
25	0	50	40	10518	0	8673	4576	5000	0	9000

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК